

**2022-2023 оқу жылы бойынша
өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша
жарты жылдық есебі**

Қыркүйек айында 7-9 сынып оқушылар арасында «Өмір және оның мәні» атты тренинг өтті.

Мақсаты: Оқушылардың өмірге деген ой пікірлерін ортаға салдыру, олардың адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа, достыққа, сыйластыққа үйрету; Өмірден өз орындарын таба білу, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері: оқушыларға өмір құндылығы туралы тереңірек білім беру; өмірге құштарлықтарын арттыру; өмірдің мәніне түсіне қарауға бағыт - бағдар беру; өмірден өз орнын табуды мақсат етуге үйрету.



Қазан айында Балалар жылы аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты 5-11 сынып оқушыларны тренинг өткізілді.

Мақсаты:

- Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.
- Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету
- Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.





Қараша айында Балалар жылы аясында «Қауіпсіз мекен» атты Зорлық-зомбылықтың алдын алу (Арнайы шара) бойынша түсіндірме, дәріс сабақтары өткізілді. 1-11 сынып ата-аналары қатысты.

Қашықтан өткен акцияға мектебіміздің 1-11 сыныптардың ата-аналары белсене қатысты.

Отбасында зорлық-зомбылыққа жол бермеуді ұрандатқан акцияның басты

мақсаты: тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, отбасының қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған, қабылданып жатқан шаралар туралы ата-аналар қауымын құлағдар ету. Қоғамдағы түйткілді мәселені шешуге бағытталған апталықта бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынды.



Желтоқсан айында «Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының жобалар фестивалі» аясында мектебімізде әр түрлі іс-шара өтіп жатыр.

Мақсаты: Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

